



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Ұлттық мінез-құлықты
қалыптастырудағы
грамматиканың рөлі





Дәрістің мақсаты: оқырман әр тілдің грамматикасы ұлттық мінез-құлық пен болмысты, ойлау жүйесін, ділін қалыптастыруға негіз болатынынан хабардар болады.

Негізгі идеялар: жалпы алғанда кез келген тілдің лексикалық жүйесін түзуге негіз болатын сөз, сөз тіркесі, фразеологиялық бірліктер тілді мәдениеттің, әрі жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы ретінде қызмет атқаратыны талас тудырмайды. Дегенмен «мәдени ақпарат» тілдің лексикалық және фразеологиялық жүйесі арқылы ғана көрініс таппайды. Белгілі бір тіл өкілінің жеке тұлға ретінде қалыптасуында тілдің барлық құралдары ықпал етеді.

Дәрістің басты терминдері: жұмсартқыш жұрнақтар, қаратпалар.

- Жұмсартқыш жұрнақтар – кісі есімі, қосымша аты, зат атауына еркелету, кішірейту мән үстеу үшін қосылатын арнайы қосымшалар;
- Қаратпалар – кісіні өзіне қарату үшін айтылатын, атау, шақыру мәніндегі сөз.

1. Сен мен сіз

Жеке тілдік тұлғаны қалыптастыруда грамматика ықпалының нақты мысалы негізінде дәйектеп көреді. Орыс тілінде, көптеген Европа тілдерінде жіктеу есімдігінің екінші жағы жекеше және көпше формада «ты», «вы» нұсқалары қолданылады. Ағылшын тілінде бұл грамматикалық көрсеткіш тек «you» түрінде дыбысталады. Алайда орыс тілінде «вы» нұсқасы тілдік қолданыста әрі сыпайылық мәнді, әрі көптік мәнді білдіреді. Көрсетілген тілдік бірліктің сыпайылық мәнді иеленуі адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, олардың мінез-құлқына әсер етпей қоймайды.

Ағылшын тілінде – барлығы тепе-тең, барлығы әділетті сөйлеседі. Сөйлеу арқылы көрінетін демократия: сен, сен деп ешкімді қорлай алмайсың, бұл бірлікті шатастырып қолдансаңыз да, ешкімді бақытты ете алмайтыныңыз анық. Осылайша ағылшын тілінде сөйлеушілер орыс тілінде сөйлеушілермен салыстырғанда сыпайы екенін байқаймыз. Ағылшын тілінде бұл сөзді ешқандай құбылтуға келмейді, өйткені таңдауға мүмкіндік жоқ.

Тілші-ғалым Орынай Жұбаева А. Байтұрсынұлының жақ категориясындағы айырмашылығын былай көрсетеді. Жіктеудің сыпайы түрі – біз, сіз, ол кісі, көпше біздер, сіздер, ол кісілер, анайы түрі – мен, сен, ол, біз, сендер, олар. Бұл ұлттың ұжымдық санасының жоғарылығын, МЕН-ді екінші қоя білушілік толеранттылығының көрсеткіші.

2. Жұмсартқыш жұрнақтар

Ағылшын тілі өкілдерінің тілдік санасында bird [птица] – birace [птичка] girl [девочка] – girleie [девушка] бірді-екілі нұсқасы ғана болмаса, кішірейткіш реңк мәнін үстейтін сөз түрлендіруші жұрнақтар мүлде кездеспейді. Ал орыс тілінің грамматикалық жүйесінде мұндай сөз түрлендіруші жұрнақтар өзі жалғанған сөзге кішірейту, еркелету мәнін үстейді, тілдегі мұндай жұрнақтар арқылы адамның ішкі жан-дүниесінің небір нәзік қырларын сипаттауға мүмкіндік береді. Сөз түрлендіруші жұрнақтардың кішірейту-еркелету мәнді қолданысы қоршаған ортаға деген жақсы қарым-қатынасты құрметті, әдептілікті көрсетеді.

Қазақта еркелету грамматикада көрінді ме? «Әрине, хаттарды еске түсірсек», – дейді Н. Уәли. Сәлемхаттағы «Дүйсенжан, Сейсентай, Бейсеш, Майраш, Жамалжан, Жұмажан»-дағы – осы мәнді жұрнақтар.

Ағылшын тілінде кішірейту және еркелету мәнді жұрнақтардың мүлде қолданылмауы – ағылшын халқының менталитетінен шығады. Ағылшын халқы тілдегі мұндай «нәзіктікке» үйренбеген. Ал қазақ сөйлеуінде бір ерекшелеп айтатыны: шырағым, қарағым, шырақ, жарқыным, әкем, көкем, қарындасым, інішегім, ағай, апай, атай, әжей қаратпаларының көп қолданылуы және этикет нормасының болуы.



Тағы бір факт, ағылшын тілінде жіктеу есімдігі үнемі бас әріппен жазылады. Мұны орыстілді адам Я (Мен) жіктеу есімдігінің бас әріппен жазылуын қалай қабылдайды? Меніңше, ешқашан қабылдай алмас. Өйткені орыс халқының ұлттық ділі мен ұлттық мінез-құлық тұрғысынан алғанда өзіңді үнемі көрсетіп отыру әдепсіз, ерсі болып көрінеді. Орыс тілінде бас әріппен жіктеу есімдігінің екінші формасы Вы (Сіз) ғана жазылады. Оның өзінде Вы есімдігі жеке адамға қатысты қолданылғанда ғана. Осы қолданыс арқылы өзіңе емес, өзге адамға, өзің сыйлайтын адамға деген құрметіңді көрсетесің. Жіктеу есімдігінің екінші жақ формасының бас әріппен жазылуы сіздің сол адамға деген құрметіңізді еселей түседі.

Орыс тілінде жақсыз сөйлемдер мен соған сәйкес түзілетін синтаксистік модельдер қолданылатын жерде ағылшын тілінде жіктеу есімдігі қолданылады:

думается, что (ойланарлық...) – I think;
есть охота (қарын ашты) – I am hungry;
холодает (суытты) – It's getting cold;
мне холодно (тоңдым) – I am cold;
мне не спится (ұйқым келмеді) – I don't feel like sleeping;
тебя ранило (сені жаралады) – are you wounded.

Демек, ағылшын тілінде I (мен) жіктеу есімдігінің бас әріппен жазылуынан жеке тұлға өзінің іс-әрекетіне қатысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алатынын көреміз. Орыс тілінде адамға қатысты іс-әрекеттің де, жауапкершіліктің те жақтық формасы жоқ, жеке тұлға қоғамға, табиғатқа, апатты жағдайлар мен тылсым күштерге сіңіп кеткен.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Әке-шешеңізбен «сіз» деп сөйлесесіз бе, әлде «сен» деп сөйлесесіз бе? Бұл сөйлеу этикеті отбасыңызда қалай қалыптасып кеткеніне назар аударыңыз.
2. Ата-анасымен Сізден өзгеше сөйлесетін дос-жараныңыздың сөйлеу стиліне сыртынан баға беріп көріңіз.
3. Қазақ тілінде бастауыш не себептен көбіне сөйлем басында, ал баяндауыш сөйлем соңында келетінін түсіндіріп көріңіз.
4. Үйленген таныстарыңыздың жұбайларын көбіне кім деп еркелетіп атайтындарына бақылау және сараптама жасаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. А. Байтұрсынұлының жіктеу категориясын қайталаңыз, қазіргі қазақ тіліндегі жіктеу категориясынан айырмашылығы неде?
2. Орыс тілінде не себептен жақсыз сөйлемдер ағылшын тіліне қарағанда белсенді қолданылады?
3. Қазақ тілінде туысқан емес кісілердің арасында қолданылатын қаратпа атауыштары қандай?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Б. Қапалбеков, М. Жолшаева, Қазақ этнограмматикасы А., 2005.
2. Жұбаева О., Қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың антропоэзектілігі. Дисс. – Қолжазба, 2010.
3. А. Байтұрсынов, Тіл тағылымы. – А., 1993.
4. Қалиұлы Б., Исақова С., Танымдық қазақ тілі. – А., 2009. – 132 б.



Кітап: Тіл және мәдениетаралық коммуникация

Дәріс: 13. Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудағы грамматиканың рөлі

5. Ахметжанова З., Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. – А., 2005.-408 с.

6. <http://litmisto.org.ua/?p=8639>.

7. http://www.ruthenia.ru/logos/number/1999_04/1999_4_05.htm.